

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
аға тәлімгердің 2024-2025 оқу жылында атқарған
жылдық жұмыс есебі**

2024-2025 оқу жылы

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылында аға тәлімгердің жылдық жұмыс есебі

Жас Ұланның» мақсаты:

- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұланның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

2024-2025 оқу жылы мен үшін тәрбие ісінің шын мәніндегі жаңа белесі болды. Бұл жылы мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен парасаттылықты сіңіру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Ұстаз ретінде менің басты мұратым – шәкірт жүрегіне жол табу, оларды адалдыққа, еңбекке, отансүйгіштікке, парасатқа жетелеу еді. Және сол жолда сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасай отырып, елеулі нәтижелерге қол жеткіздік деп нық сеніммен айта аламын.

Бұл оқу жылы – тек есеп үшін емес, адам тәрбиесі үшін атқарылған мағыналы еңбек жылы болды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

Жыл бойы «Күй күмбірі» жобасы аясында әр үзілісте дәстүрлі күйлер орындалып, мектеп іші домбыраның қоңыр үніне толды. Бұл – оқушыны тек тыңдаушы емес, сезінуші, түйсінуші етіп тәрбиелеудің нәзік жолы болды.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде іске асырылды. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс шараларды қамтыды.

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

ЖЕЛТОҚСАН – БІЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІП БІЛІКТІЛІК АЙЫ

- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
- 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
- 12 сәуір – Ғылым күні
- 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
- 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
- 23 сәуір – Ұлттық кітап күні

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
- 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
- 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1. Ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әр айда күнделікті өткізілетін іс шаралар талапқа сай жүргізіліп отырды.

№	Жобалар атауы	Мазмұнды сипаттама	Нәтижесі	Уақыты
1	«Күй күмбірі» жобасы	Қоңырау кезінде ұлттық күйлердің шырқалуы арқылы оқушылар ұлттық өнердің сырлы әлемімен сусындады.	Оқушылар күйге құлақ түріп, дәстүрлі өнерге деген қызығушылық артты.	Жыл бойы
2	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық		Қыркүйек
3	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары мен	Балалар ұлттық нақыштағы көрмеге белсене	Наурыз

		өнер туындылары қойылып, рухани мұра кеңінен таныстырылды,	атсалысты,	
4	«Өнегелі 15 минут» балалардың ересектермен емін-еркін қарым- қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу		Наурыз
5	«Ананьин аялы алаканы» челленджі	Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар аналарына арнап жүрекжарды видеолар жолдады.	Отбасындағы құрмет пен сыйластықтың тәрбиелік ролі күшейді.	Наурыз
6	«Менің Қазақстаным» апталығы	Әр аптаның басында Әнұран орындау дәстүрге айналып, ұлттық мақтаныш рухын ұлағатты.	Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет артты.	Жыл бойы
7	«Апта дәйексөзі» жобасы	Ұлағатты сөздер мен мақал-мәтелдер оқушылардың өмірлік ұстанымына айналды.	Ақыл сөзден тәлім алып, өмірге терен көзқарас қалыптасты.	Апта сайын
8	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рольді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу		

кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету			
---	--	--	--

Ұлтқа қызмет – ұрпақты тәрбиелеуден басталады. Сондықтан бұл бағыттағы әрбір жұмыс жүрекпен атқарылды, әр оқушының бойына шынайы құрмет, ұлттық сана және рухани ізгілік дәнін себуге тырыстым. Нәтижесінде, мектебіміздің балалары – ойлы, намысты, болашағына сенімді ұрпақ ретінде қалыптасуға бағыт алды. Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әлеуметтік жобалар ұлт болмысын ұлықтау, бала жүрегіне имандылық, ізгілік пен отансүйгіштік нұрын себу мақсатында жүзеге асырылды.

№	Іс-шара атауы	Мазмұнды сипаттама	Нәтижесі	Уақыты
1.	«Adal ығрағ» жобасы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған	Оқушылар әділеттілік пен адалдық ұғымын терең меңгерді	Жыл бойы
2.	«Sanaly ығрағ» жобасы	Мектепшілік тәрбие жүйесіне парасаттылық принциптерін енгізу	Қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі нығайды	Жыл бойы
3.	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» сағаттары	Еңбекке адал көзқарасты қалыптастыру	Оқушылар еңбекқорлық пен ұқыптылыққа бейімделді	Қараша

«Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының және «Өзін – өзі басқару» ұйымының стенді жабықталды. «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының және «Өзін – өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары құрылып, басқару ұйымының жетекшілері сайлауға түсті. Оқушыларға ішкі еңбек ережелері түсіндірілді. Өзін - өзі басқару ұйымының президенті болып 10 сынып оқушысы Ашурметов Азамат сайланды. Қыркүйек айының екінші аптасында оқушылардың саяси оқуы, сабаққа қатысуы, мектеп формасы, сынып тазалығы, тәрбие сағаттардың өтілуі тексерілді.

Ұйым мүшелеріне ұйымының бағыттары бойынша тапсырмалар берілді. «Денсаулық күні» орай іс-шара ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың қазан айының бірінші аптасына Халықаралық «Ұстаздар күніне» арналған мерекелік іс-шара «Жас ұлан» және «өзін – өзі басқару» ұйымының мүшелері ұйымдастырды. Оқушылар «Ұстазым менің ұстазым» тақырыбында қабырға газеттерін шығарып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Құрметті қонақтарымыздың назарына мектеп оқушылары тарапынан дайындалған концерттік бағдарлама ұсынылды. 9 – 11 сынып оқушылары өздерінің би өнерін көрсетті. Сахналық қойылымдар ұсынылды.

Апта барысында 11, 6«А», 9 «А», 5 «Ә» сыныптардың ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында үлкен үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық, тоғызқұмалақ, бес тас, ләңгі тебу, шахмат ойынынан жарыстар өткізіліп, үздік ойыншылар анықталып отырылды.

24.10.2024 ж. күні 2-5 сынып оқушыларын «Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі болып өтті. «Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқу үлгерімі озат оқушылар қабылданды. «Жас ұлан» ұйымына 32 оқушы қабылданды. «Жас Қыран» ұйымына 28 оқушы қабылданды.

Мектепте қараша айына жоспарланған іс – шаралардың барлығы орындалды. Қысқы каникул кезі ұйымдастырылып, мектеп комитетінің отырысы өткізілді. Мектеп комитетінің жарты жылдық есебі тыңдалды. Жас ұрпақты отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бой – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махабат сөзімен ояту мақсатында «Менің Қазақстаным» атты тәрбие сағаты өткізілді.

14.01.2025ж. күні мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында мектепке өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттарды алып келуін алдын алу мақсатында мектепшілік мобильді топ мүшелері рейд жүргізді. Нәтижесінде мектепке жоғарыда аталған күдікті заттар мен ұялы телефон алып келген оқушылардың жоқтығы анықталды.

Апта барысында 6 «Ә», 8 «Б», сыныптардың ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында үлкен үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық, тоғызқұмалақ, бес тас, ләңгі тебу, шахмат ойынынан жарыстар өткізіліп, үздік ойыншылар анықталды.

24.01.2024ж. күні 8-9 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында қол күрес, арқан тартудан жарыс өткізілді. Жеңімпаздар анықталып марапатталды.

20.02.2025ж. күні тәлімгер А.Урманшиковтың ұйымдастыруымен «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту» тақырыбында 5-8 сынып оқушыларына ақпараттық сабақ өткізілді.

21.02.2025 ж. күні «Қыран» шаңырағының ұйымдастыруымен «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылығын дарыту мақсатында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары», М.Жұмабаев» тақырыбы аясында «Даналық бейсенбі» зияткерлік сайысы өткізіліп, «Киелітас» шаңырағы жеңімпаз атанды.

24.02.2025ж. күні 5-сынып жетекшілері З.Пирназарова, Т.Ергешованың ұйымдастыруымен «Ата-аналарды қолдау орталығы» негізінде «Қажеттілік пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?» тақырыбында сабақ өткізілді.

10.03.2025ж. күні республикалық «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында 1-4 сыныптар арасында «Бақытты балалық шақ» фотосуреттер байқауы өткізілді. Бірінші ауысым оқушылары «Таза сынып-таза мектеп» акциясы бойынша сынып бөлмелеріне тазалық жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар сынып жетекші мен оқушылардан қабылданып алынды.

07.04.2025ж күні «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында 8-10 сынып оқушылары арасында әлеуметтік педагог А.Мелдебек «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбы аясында сауалнама өткізді. Сауалнама анонимді түрде алынып, оқушылардың жауаптарына біршама талдау жүргізіліп, нәтижесінде оқушылардың арасында әлімжеттік, т.б. мәселелер жоқтығы анықталды.

15.04.2025ж күні «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында 3-4 сынып оқушылары арасында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында асфальтқа сурет салу байқауы өткізілді. Нәтижесінде сынып оқушылары жеңімпаз атанады.

Оқу жылы бойы мектеп оқушылары тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебектің ұйымдастыруымен «Қамқор» жобасы аясында оқушылар тек игі істермен айналысып қана қоймай, жүректегі жылуын, мейірімін қоғаммен бөлісуге белсене атсалысты. Әрбір еріктілік шарасы – бала бойындағы адамгершілік пен жанашырлықты оятатын, нағыз рухани тәрбие мектебі болды. 18.04.2025ж күні «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында мектепшілік аға тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебектің жетекшілігімен «Еріктілер» клубы мүшелерінің қатысуымен «Аялы алақан» жобасы өткізілді. Жоба барысында оқушылар сынып жетекшілермен бірге мектептің үйде оқитын оқушыларының үйіне барып, сыйлықтар сыйлап, түрлі қызықты ойындар ойнап, сурет салып, бірге уақыт өткізді. Әлеуметтік педагог А.Мелдебекпен бірлесе «Мейірімділік ошағы» акциясы барысында әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға киім-кешек, кеңсе заттары, мектеп құралдары үлестірілді. Бұл арқылы оқушылар өз замандастарына мейіріммен қарауға, көмек қолын созуға үйренді. Бұл жұмыстар оқушылардың азаматтық жауапкершілігін күшейтіп, жанашыр тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етті. Аға тәлімгер А.Урманшиковпен бірлесе оқу жылы барысында «Birgemiz: Qamqor» акциясы аясында оқушылар ауылдағы қарттардың үйіне барып, жалғызбасты қарияларға азық-түлік, жылы сөз және көңіл бөліп, нағыз ізгілік үлгісін көрсетті. Балалар тек көмек қана беріп қойған жоқ, қариялардың өмірлік тәжірибесінен сабақ алды.

04.03.2025ж. күні мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында мектепке өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттарды алып келуінің алдын алу мақсатында мектепшілік мобильді топ мүшелері рейд жүргізді. Қыз балалар арасында «Иманды қыз, аяулы жеңге» тақырыбында байқау өткізілді. Байқау жеңімпазы Қыран шаңырағынан (9В,6А) Газибаева Жасмин жеңімпаз атанды.

05.03.2025ж. күні «Азамат» ұл балалар клубы қатысушылары арасында «Жан Анам» тақырыбында байқау өткізілді. Байқауда 6 Б сынып оқушысы Каримов Розмат жеңімпаз атанды.

07.03.2025ж. оқушылардың сабаққа кешікпей келуі, қатысуы бақыланып, оқушылардың тазалығы, санитарлық-гигиеналық жағдайы қалағаланып отырды. 8 наурыз халық аралық әйелдер күніне арналған концерттік бағдарламаға дайындық. Бірінші ауысым оқушылары «Таза сынып-таза мектеп» акциясы бойынша сынып бөлмелеріне тазалық жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарды сынып жетекші мен оқушылардан аға тәлімгер А.Урманшиков пен «Мектеп Парламенті» жетекшілері қабылдап алды. Оқушыларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейремі жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 22-Наурыз мерекесі ұйымдастырылды.

«Білімім-Отаным» 2024-2025 оқу жылының аяқталуына арналған іс-шара өткізілді. Үздік оқушылар мен мұғалімдер марапатталды. Ауданнан, ауылдан келген қонақтар құттықтау сөздерін айтты. Бағдарлама аясында оқу жылы барысында «Birgemiz: Taza Alem» – табиғатты аялауға бағытталған экологиялық акциялар өткізілді. Оқушылар мектеп ауласын тазалап, ағаш отырғызып, көршаған ортаға деген сүйіспеншілігін нақты әрекеттермен дәлелдеді. Мектеп аумағына қарасты арық ағыздарды тазалау, ағаш көшеттерін отырғызу шараларын белсене орындады. Мектеп қабырғасында оқушы өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта 2024-2025 оқу жылында жүйелі әрі нәтижелі шаралар кешені жүргізілді.

Оқу жылы барысындағы сынып сағаттарында 1-11 сынып жетекшілері «Қауіпсіздік сабағы» аптасына бір рет 10 минут көлемінде өткізіліп, онда жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, интернеттегі қауіп-қатерлер, зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты мәліметтер берілді. Бұл ақпарат оқушыларға түсінікті тілде, өмірден алынған мысалдармен толықтырылып ұсынылды. Сынып жетекшілері сынып сағаты мен «Қауіпсіздік сабағының» тақырыптары электронды журналдарға енгізіп, қысқа мерзімді жоспарларын ұдайы жазып отырды.

Мектепшілік буллинг пен кибербуллингке қарсы акциялар белсенді түрде өтті. Оқушыларға құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, өзара сыйластық, түсіністік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «ДосболLIKE», «Буллингтен қорған!» секілді жобалар осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттырды.

Жоспарға сай құқық қорғау өкілдерімен, қоғам белсенділерімен, жастар орталығымен, т.б. кездесулер өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қылмыстылықты болдырмау, ертежүктіліктің, зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында рейд, дөңгелек үстелдер, сауалнамалар, түсіндіру шаралары жүргізілді. мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында мектепке өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттарды алып келуінің алдын алу мақсатында мектепшілік мобильді топ мүшелері рейд жүргізді.

«**Өмірге салауатты қадам**» жобасы аясында дұрыс тамақтану, зиянды әдеттердің зияны, спорттық өмір салты туралы дәрістер, тренингтер ұйымдастырылды. Спорттық жарыстар мен денсаулық күндері өткізіліп, оқушылардың белсенді өмір сүру дағдылары қалыптасты.

«**Қауіпсіз қоғам**» жобасы шеңберінде интернет қауіпсіздігі, лудомания, діни экстремизм сияқты заманауи қауіптер туралы профилактикалық әңгімелер, семинарлар өтті. Оған мектеп психологтары, құқық қорғау органдары және медицина мамандары жұмылдырылды.

Оқу жылы барысында төтенше жағдайлардың алдын алу (өрт, газ, су қауіпсіздігі, жер сілкінісі кезінде әрекет ету) тақырыптарында оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп, эвакуация машықтары пысықталды.

Нәтижесінде оқушылар өз өмірі мен айналасындағы қауіпсіздікке деген жауапкершілікті сезінді, денсаулығын сақтау мен қауіптің алдын алуда белсенді, сауатты әрекет етуге дағдыланды.

Ұсыныстар:

Алда келе жатқан 2025–2026 оқу жылы – тәрбие жұмысында жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, ізденіс пен жаңашылдыққа жетелейтін маңызды кезең болмақ. Жаңа оқу жылында тәрбиелік бағыттағы жұмысымызды жүйелі жүргізу үшін мынадай нақты міндеттерді алға қоямыз:

Сонымен қатар, **рухани-адамгершілік пен патриоттық тәрбиені** кешенді түрде дамытуға басымдық беремін. Әр оқушы әділеттілік пен адалдықты жанына серік етіп, қоғамда өз орнын таба білетін парасатты тұлға болып қалыптасуы тиіс. Бұл ретте «Adal ugraq», «Sanaly ugraq» сияқты жобаларды жаңашыл бағытта ұйымдастыру көзделуде.

Қауіпсіздік пен салауатты өмір салты – бүгінгі мектеп үшін ерекше маңызды мәселе. Апта сайын өтетін қауіпсіздік сабақтарын мазмұнды етіп түрлендіріп, оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы етуді жоспарлап отырмын. «Будлингке жол жоқ», «Салауатты өмір – сәнді өмір» сияқты жобалар осы бағытта жалғасын табады.

Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, волонтерлық қозғалысты қолдау – басты міндеттеріміздің бірі. «Қамқор» жобасы аясында еріктілер қозғалысына кең өріс беріліп, оқушылар бойындағы жанашырлық пен мейірімділік қасиеттері оянады деген сенімдемін. Әрине, бұл жолда ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу – негізгі тірек. Ата-ананы мектеп өмірінің шынайы серіктесіне айналдыру үшін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын одан әрі жандандыру көзделуде.

1. Отансүйгіштік пен ұлттық сана-сезімді дамыту

- Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін насихаттау;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету;
- Тәуелсіздік тарихына арналған іс-шаралар өткізу (мысалы: «Тарихтан тағылым» апталығы, жесе байқауы т.б.).

2. Көшбасшылық пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру

- «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымдары мүшелерінің белсенділігін арттыру;
- Мектеп ішіндегі өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жандандыру;
- Аймақтық және облыстық деңгейде көшбасшылыққа бағытталған форумдар, тренингтер ұйымдастыру.

3. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті дамыту

- «Таза мектеп – таза болашақ» экологиялық акциялары;
- Қарттарға, ерекше қажеттілігі бар жандарға көмек көрсетуге бағытталған еріктілік жобалар.

4. Зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді дамыту

- Дебат, ғылыми жоба, шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларға қатысу;
- Жас суретшілер мен қолөнершілер көрмелерін өткізу;
- IT және цифрлық сауаттылықты дамыту бағытындағы үйірмелерді ашу.

Орындаған:  А. Урманшиков

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар сілтемесі**

№	Мекеме атауы	Іс-шара атауы	Сілтемесі
1	«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ	1-қыркүйек білім күні.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0KuPz6W6y3Q5NZTcNAh7wLvvxe8Sbwuc7ckuGPleqvRqIv9eLG6X96vsys0mqLTGqWl/?app=fb
2		Спорт ойындары	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0XuPkI72fYJj9cZBgyKAlUgkhLi85cYxglWbUld6vI3VzldEYSLds5NepEqsibP71fsI/?app=fb
3		«Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті калыптастыру жөніндегі іс- шаралар»	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0FamSRrGQ7WPWMzBcTrCeYJPF5kj2eK7DAT8LB1qwbMfYkbdszco8WvkWfYrJGMx7I/?app=fb
4		«Адалдық сағаты»	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZUjXMsvZfFN8ZgvIbZRaCpUY1Isk9Mo8e1N4fDYgaG6CZMTVcEHndBor9SwANHNtUl/?app=fb
5		Дублер күні	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZBY4n1PXG6ZZIMrcJHPtS3o6aLiM2g3mcF2vFKBeilpxIHApxcHEMcVycECeUTlMdl/?app=fb
6		Шаңырақтар арасында «Ең,ең,ең...» тақырыбында «Даналық бейсенбі» зияткерлік сайысы	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZAJ6d3Y55pPWuWwqXtGHtK5ghf97ryaBPSVdsh4Q9sH8WgszVK16wdHVdyCuQ7I1YI/?app=fb

7	«Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында дебат сайысы	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02dZ2E1Xch1NuSpv78Sk6qmgdcke99wAuQviAhg7xUiZR6PluDJ5oNLMo8Vw7f55onLi/?app=fbi
8	Республикалық бірінші «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық слеті	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02LnvBxpgDEnEH6TNVC7jex5UR1WexWNtpUwvWJr8E2xQrR5cqvC16fNjZ4CrxQ2CI/?app=fbi
9	Дүниежүзілік тазалық күніне орай сенбілік	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02vV7yb6KV6iBmmiRSgvaHBaJ5cS53kcFdJGyro9hBLimiYzoei8edgQV25WOKTLYL.YI/?app=fbi
10	Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында инспектормен кездесу	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZfHb1fLbPaUo2pJ2ipwmAY8SY9VyKm3FDUx8c5uY3oJzTbL.Twn6V3oguWfC5OZu1l/?app=fbi
11	«Қазақтың ұлттық ойындары» атты спорттық жарыс өткізілді	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0wW1q31upLE1MUJLcEmhrfgVdnNu7ZiFgTcEw1WYxEYPgzJzWZmi7whFHt7jNXmDKl/?app=fbi
12	Дене шынықтыру апталығы барысында дойбыдан спорттық жарыс өткізілді	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02Y35UdoXVHQuTFSSGNkBWIKsEypdV8imOKRuwi2MSGOFDbiTm3oH7HbZJfnVMNYi/?app=fbi
13	3-4 сыныптар арасында «Әкем, анам, інім және мен» спорттық отбасылық-жарыс өткізілді.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0usc4gBSP5HYrfkXsvr2ohcxWx8QvKw1RT3zYraigU6leNu7aTeNxcCMa1rajZYSl/?app=fbi

14	Мектеп президентін сайлау	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02nRfHnr1k155RaJZGBcrSyHaJmnHdFwLMKQVF1r27PNAwFBfZHLJV3x21AzJESqw1FV/?app=fbi
15	25-қазан Гимн орындау челленджі	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02nhg4hebJAeQEEagq7mv8BAVuxL.VjDsLc3sWKyx2srwqsDNXfTmy6fH4vrac8CpmpWl/?app=fbi
16	«Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылдау	https://www.facebook.com/100027792169654/post/vpfbid029wM8K2fuRsnynZQsNvg324823jUQnMrHHPaJg9be4oSoD3PC7ZVhAEXxQucwMPo7l/?app=fbi
17	«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!» тақырыбында сауалнама	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0dTZaYiriPeuHQFGSstS2gO4M37xE76spx9dBviwLugZkWNh9jMdLXatDBqruS9GLl/?app=fbi
18	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жүйелі жұмыс жүргізуде. «Білімдіге дүние жарық»	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0L7C6sdFj9NpJE3hSPNTWpwoXVRVzViSp8KxUZeuFhgaHIQOKHXmitV1hRZ9VREqTL/?app=fbi
19	Құқық бұзушылықтың алдын алу	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZM1V5UAB8PPx3LaNa3EoAYxHwrhLwvmCKdcBPNTSFJZQz8k2vP2yLYi2qmRHRNWZMI/?app=fbi
20	«Қаржылық сауаттылық заман талабы» атты тәрбие сағаты өткізілді.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0cyGa3YTzsG5LXmebDwF7hg1wt2o7kxMIWhcQseukMyfi99XaUJEYgH6688mNEqWX1l/?app=fbi
21	Ата –аналар жиналысы «Бұлақ көрсен,көзін аш» Тұлғаның	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0CUhagocyPd1zst9ybNhejT8C1Fu6uvPWH6GeC261KMrc3D2N5cHFdw

		бойындағы шығармашылықты дамыту тақырыбында сабақ өткізілді.	351ym7EWVx8l/?app=fbi
22		Төтенше жағдайлар мен улы газдың алдын алу	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid9i7e2DwKNFVhSCd7WvCcqRQm33wdcSgaKRtsVGTLBnXbFnRxpUKTUK4v4vWZfv7Li/?app=fbi
23		«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында «Аялы алақан» жобасы өткізілді.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid09f3177FBD7gX96nx8jFKnoova1R2UetoS4FNDTo3MKJgI.wMGF8gaxfm7cu8HeQal/?app=fbi
24		Құқық бұзушылық инспекторлармен кездесу.	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02uchAvHUu6U37jvFeJBsH8AGb8xESWHgmnVg5oRQVmc3MkRkLeC7mggtmaZkB5amLi&id=100062813058033&sfnsr=wa&mibextid=RUbZIf
25		Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02dq5MVSe9rG6kTBWeXDeqmAMwebY2RnspZT1NV5oGgWpWoDPKlV7l8dz1MRcmYlcPl/?app=fbi
26		«Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру» тақырыбында облыстық шебер сынып семинары өтті.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02PpZ5jLEJGF6j14nZUhhU6cypXsRhu18kyj9WxfAbA6q8htDbk6xTmPzrRsJtVSYl/?app=fbi
27		«Дүниежүзілік сайлау күні» тақырыбында эссе жазу	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid028sPLhU43fsEUFOj9NME4d1ZXlgUfoePto49nH5A8XDyWdC5RJaFDf4kyoF8fHfKj/?app=fbi

28	Республикалық челлендж «АЛТЫН ЖҮРЕК»	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0zyS1m3qNzmwXbPohRtYEK5fcZwfbXoHpGlC5y8A5rYJ5K7QzUgrCSkkNciDDbDUaul/?app=fbl
29	Таза Қазақстан киелі мекен республикалық экологиялық акция.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid02b7hpldi1uhfWjLDNL88bCd8gVHCZNR5Qw5tHbdTizAZnG4ZJFFky7fMWESWw3YVI/?app=fbl https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid025BGCqk9F9jUS8zg96kdX5RAIRbP62jQr6uBfVURFblDyx5h7g3yXNHpaDvhbcxzl/?app=fbl
30	«Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында іс-шара өткізілді.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid025Xo77YxBCr17xTwtM9jBHmGaUPpc59W2vEUw5H84it6an11tMNCtP1cstDSoEYhl/?app=fbl
31	Мектеп бітіруші сыныптардың ағаш- егу акциясы.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid032c5eTgGwZsagcwclycGsu68UIMU4nT9cP7M44853ZT3y3dRgVabl47IPLRQsa49l/?app=fbl
32	Лудомания – қоғам дерті.	https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0kA23oENm6uYGbKSScVxun3jM2zLogYfzArpA4PNXPm68UCG7TWAfMwuQHpgQES1CI/?app=fbl



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектебі» КММ

Тақырыбы: «Атқ-әңгілеу» жиналысы» Шара түрі: жиын

Күні: 15.01.2025



Республикалық «Зорлық зомбылықсыз шақ» акциясы аясында
сауалнама өткізу шарасы
8-11 сыныптар





30.01.2024 жыл күні «Қалдықтарды табысқа айналдырайық»





«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «25 қазан Республика күні»

Шара түрі: «Сынып сағаты» Құндылық: «Талант»





«Жыланбұзган» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Тақырыбы: «Адилдік сипаты»

Шара түрі: сынып сағаты

Күні: 22.10.2024

Қатысқан сынып: 1-11 сыныптар





«Жыланбүзган» жалпы бiлiм беретiн мектеп» КММ

Тақырыбы: «Ата-аналар жиналысы» Шара түрі: жиын

Күні: 11.11.2025





Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Тақырыбы: «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

Шара түрі: үзіліс кезіндегі ұлттық ойындар





«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «Дублер күні» Шара түрі: сыныптан тыс іс-шара





«Жыланбүзгән» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «Таза сынып- таза мектеп» Шара түрі: тазалық шарасы

Сынып: 5-11 сыныптар Құндылық: «Талап», «Ар-ұят»



«ЖЫЛАНБҮЗҒАН» ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ
МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ПРЕЗИДЕНТІН ЖӘНЕ ҰЛАНБАСЫН САЙЛАУ





«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «Воллейбол» Шара түрі: спорттық ойын

Сынып: 6-9 сыныптар





14.11.2024ж. #1560 санды хаты негізінде мектеп басшысының шешімімен "Жыланбұзған" жалпы білім беретін мектеп" КММ-де 18.11.2024ж. күні үлкен үзіліс кезінде сейсмикалық оқу-жаттығулар өткізілді. Жер сілкінісіне қарсы және су тасып сел алу төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша оқ-жаттығу өткізіліп, нұсқаулықтар берілді.

Сынып жетекшілері тәрбие сағаты барысында жер сілкінісі, су тасып сел алу төтенше жағдайларға байланысты қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру, ақпарат беру өткізді.



Cirremeci

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/1430656151204110/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>



Жыланбұзған Мектебі сейчас с
Кулзирой Алтаевой и Tolebi
Audandyk Bilim Bolimi.

7.11.2024ж. 19:29

Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты "Жыланбұзған" жалпы білім беретін мектеп" КММ-де "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" бағдарламасына сәйкес 5~6 сынып жетекшілері 7.11.2024ж.күні ата-аналармен "Жадыны дамыту" тақырыбында сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімдердің есте сақтау қабілетін белсенді қолдауға және ынталандыруға дайындығын арттыру.



Сілтемесі

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/560380683200509/?mibextid=rS40aB7S9Uebxw6y>



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «Үстаз болу – жүректің батылдығы»

Шара түрі: концерттік бағдарлама Құндылық: «Талап»





«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Шара тақырыбы: «Аялы алақын» жобасы Шара түрі:
қайырымдылық акциясы. Құндылық: «Талап», «Ар-ұят»

